

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

Список использованных источников

1. Энтин Л.М. Европейское право. – М.: Норма, 2005, – 705 .
2. Гилберт Горнинг, Оксана Витвицкая Право Европейского Союза. – Питер, 2005, – 256.
3. Кашкин С.Ю. Право Европейского Союза. – М.: Проспект, 2008. – 274 .
4. Договор о Европейском Союзе (1992) // <http://eulaw.ru/treaties/teu> обращение 15.03.2016 г.
5. Договор о Сообществе (25 марта 1957) // <http://eulaw.ru/content/2001> обращение 15.03.2016 г.

«ШЕТЕЛ АЗАМАТТАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАЛАЛАРЫН АСЫРАП АЛУЫ»

Шынымұратқызы Әмина

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 3 курс студенті

Ғылыми жетекші - Қалтаева А.Т

Баланың дені сау болып өсуіне, тәрбиесіне, инабатты, білімді болуына ата-ананың рөлі өте зор. Алайда, дүниеге келген баласын өсіріп жеткізудің орнына, дүние табалдырығын аттап, көзін ашып үлгірмеген балаларын тастап кетіп жатқандар аз емес. Олардың барар жерлері – жетімдер үйі.

Халқымызда бұрыннан айтылып келе жатқан «Жетім көрсең жебей жүр» дейтін қасиетті сөзі бар. Басқа адамдардың жетімдерге көрсеткен жақсылығы, ата-ананың орнын толтырмайды. Кейінгі кезде сотта бала асырап алушылар саны артуда. Қазақстан азаматтарымен қатар, шетел азаматтары да қазақ балаларын асырап алу үшін сотқа арыз беруде.

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 84 бабаның талаптарына сәйкес ата-аналары баласынан бас тартқан жағдайда оны асырап алуға жатады. Жетім қалған балалар бастапқы, өңірлік сияқты, орталықтандырылған есепте тұрады, бірінші балалардың туыстарына, Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына, содан кейін шетел азаматтарына асырап алуға берілуі мүмкін.

Халықаралық құқық және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балалардың мүдделерін қамтамасыз ету – неке құқығының негізгі мақсаты. 1989 жылы 20 қарашада халықаралық қоғамдастықта оқиға болды: БҰҰ Бас Ассамблеясы бір дауыстан бала құқықтары туралы Конвенцияны қабылдады. Конвенция Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесімен ратификацияланды, ал 1994 жылдың 8 маусымында ол Қазақстан Республикасы үшін күшіне енді.

Қазақстандық қоғамның алдында тұрған мәселелердің өткірлігі мен өзектілігі шұғыл шешімді талап етеді. Бала асырап алуды дайындайтын және ол туралы шешімді қабылдайтын органдардың қызметіндегі жемқорлықпен күрес жүргізудің сауатты шараларын қабылдау.

Өкінішке орай, көптеген балалар әр түрлі себептермен ата-анасының қамқорысыз қалып жатады, осындай жағдайларда олардың мүдделерін қорғау мемлекетке артылады.

Дәлірек айтқанда ол өз органдары арқылы әр баланың толық және қалыпты отбасыда тәрбиелену құқықтарын жүзеге асыруға көмек көрсетеді.

Қазақстандағы балалар мекемелеріне жасалған мониторингтің нәтижелері бойынша әзірленген деректер жинағы таныстырылып, БҰҰ Балалар құқықтары жөніндегі комитеттің бұрынғы басшысы Я.Дук пен «Қазақстанның адам құқықтары және заңдылықты сақтау жөніндегі бюросы» қоғамдық бірлестігінің Қарағанды бөлімшесінің директоры Ю.Гусаков баяндама жасады. Алматы қаласының кәмелетке толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Гүлнар Қонақбаева журналистерге арнайы сұхбат беріп, мәселенің мән-жайын түсіндірді. Оның айтуынша, еліміздегі бала асырап алуға қатысты заңнамаға толықтырулар мен өзгерістер 2011 жылы енгізілген. Бұл іс ұлттық заңнаманы «балаларды қорғау және шетелдіктердің бала асырап алуын қолдау туралы» халықаралық Конвенция талаптарына сай жүзеге асырылды. «Бұған дейінгі заңда бала асырап алу кезінде баламен қарым-қатынас мерзімі мүлдем көрсетілмейтін. Жаңа заңда 2 апталық кезең қарастырылған. Яғни бала асырап алынғанға дейін болашақ ата-анасымен 14 күн араласады. Осы уақыт аралығында тараптар бір-біріне бауыр басады, үйреніседі. Ал шетел азаматтары бұрынғы заң бойынша баланы асырап алардың алдында онымен 2 апта бірге болатын. Жаңа заңға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларға сәйкес, бүгінде бұл мерзім бір айға ұзартылды», – деді ол. Тілшілердің «бала асырап алу құқы кімдерге берілмейді?» деген сұрағына судья: «әлеуметтік әлеуеті ең төменгі күнкөріс деңгейіне жетпейтін жандар мен жалғызбасты ер адамдар және бір жыныстылардан құралған отбасы мүшелеріне бала асырап алу құқы берілмейді», – деп жауап берсе, «бала асырап алған азаматтар қашанға дейін мемлекетке есеп беріп отырады? деген сауалға: «Бала асырап алған Қазақстан азаматтары бала 18 жасқа толғанға дейін жыл сайын мемлекетке есеп беріп отырады. Ал шетелдіктер бала асырап алғаннан кейін алғашқы 3 жылда 6 ай сайын, одан кейін жылына бір рет есеп беруге міндетті» деп тіл қатты.

Г.Қонақбаеваның сөзінше, шетелдіктерге Қазақстаннан бала асырап алу құқығы оңды-солды беріле бермейді. Бұл туралы ол былай дейді: «Неке және отбасы» заңында «Балаларды Қазақстан Республикасының аумағында тұратын Қазақстан Республикасының азаматтарына тәрбиелеуге беру мүмкін болмаған жағдайда ғана, шетелдіктерге азаматтығы мен тұрғылықты жеріне қарамастан, асырап алуға берілуі мүмкін екені атап көрсетілген. Өз еліміздің азаматтары бала асырап алуға ниет танытпаған жағдайда ғана біз мұхит асып келгендерге Қазақстаннан бала асырап алу құқығын береміз». Айта кету керек, «Шетелдіктер Қазақстанның дімкәс балаларын асырап алудан бас тартпайды, керісінше, оларды бауырларына басуға тырысады». «Неге?» – десеніз, «Шетелдіктер емделетін ауруды ауру деп санамайды. Олар науқас балаларды емдеп алатындарына сенеді». Шетелдіктердің елімізден бала асырап алуына тыйым салудың қажеті жоқ. Дәл қазір біз ол тыйымды жасай да алмаймыз. Өйткені 2010 жылдың наурыз айында Гаага конвенциясына қол қойдық. Мемлекет аталмыш конвенцияға қол қоя отырып, өзіне міндет алды. Енді сол міндетімізді орындауымыз керек. Яғни шетелдіктердің бала асырап алуына тыйым сала алмаймыз. Керісінше, бала асырап алуына рұқсатымызды бере отырып, баланың құқықтарын қамтамасыз етуіміз керек. Айта кетер жайт, соңғы кездері еліміздегі балалар үйіндегі балалардың саны жыл өткен сайын азайып келеді. Өткен жылы 14 жетім балалар үйі қысқартылды. Сондай-ақ балалар үйіндегі балалардың саны бұрынғыдан екі мыңға төмендеді. Әрине, бұдан кейін алдағы уақытта шетелдік ата-аналардың асырауына балалар топ-тобымен кете береді деген түсінік тұмауы тиіс. Өйткені қазақстандық ата-аналардың

ішінде де бала асырап алуға ынталылар көбейіп келеді. Әйтсе де олар көбінесе өздеріне түр жағынан ұқсайтын, дені сау, 1 жасқа толмаған сәбилерді алғысы келеді. Ал шетелдіктердің 85 пайызы денсаулығында кінәраты бар, ауру балаларды асырап алуға ниет танытады. Сондай-ақ олар үшін сәби болуы міндетті емес. 5-6 немесе 12 жастағы есін біліп қалған балаларды да асырап ала береді. «Шетелдіктер Қазақстанның дімкәс балаларын асырап алудан бас тартпайды, керісінше, оларды бауырларына басуға тырысады». «Неге?» – десеніз, «Шетелдіктер емделетін ауруды ауру деп санамайды. Олар науқас балаларды емдеп алатындарына сенеді». Ал балалар үйіндегі балалардың көбісі – ересек, есін біліп қалған балалар. Рас, қазір оларға мемлекет керегінше жағдай жасап отыр. Бірақ өз басым қандай бала болмасын ата-ананың жылуын, жанұя бақытын сезінуі тиіс деп санаймын. Сондықтан шетелдіктердің бала асырап алуына қарсы емеспін. Ауру баланы емдеп, ата-ананың аялы алақанын сездіре алса, балаға бақыт сыйлаймын деп отырғандарға неге біз қарсылық танытуымыз керек?!

Рас, қазір бала асырап алғысы келетін ата-аналарға баланың жәрдемақысын көбірек төлеп, ынталандыру туралы ұсыныстар айтылуда. Алайда жәрдемақыға бола баланы асырап алып, балаға қамқорлық жасамайтын ата-аналар да кездесуі мүмкін. Сондықтан мұндай мәселеде бәріне сақтықпен қарау керек. Ата-аналарды ақшамен қызықтырмай, баланы өз қалауымен асырап алса дұрыс болар еді.

Сонымен қатар барлығы ата-ананың адами мінез-құлқына байланысты. Мәселен, өз ата-анасынан теперіш көріп, көше қаңғып кетіп жатқан балалар да бар. Немесе баланы жәрдемақы алу үшін дүниеге әкелетін ата-аналар да кездеседі. Сол секілді шетелдіктердің асырауына тыйым салып тастасақ, бала қамқорлықсыз қалады. Шетелдік ата-ананың ішінде де ата-анаға лайық қамқорлық жасайтындар да, жаттық танытатындар да болуы мүмкін. Сондықтан бұл жерде шетелдік мейлі, қазақстандық ата-ана болсын, баланы қамқорлығына ала алатынын жан жақты тексеріп барып, рұқсат беруіміз керек. Бала үшін шетелдік, мейлі қазақстандық болсын ол – ата-ана! Сондықтан бала мүддесі тұрғысынан қарап ата-ананы алаламай, балаға мейірімін төге алатындардың ғана бала асырауына рұқсат беруіміз керек.

Статистикаға тоқталсақ, шетелдік азаматтар асырап алды (1999ж-2010ж):

Жынысы бойынша: ұлдар 4224 (48,7); қыздар 4451 (51,3).

Жас шамасы бойынша: 0,6-3жас аралығы 6266 (72,2); 4-6жас аралығы 1385 (16,0); 7 және одан көп 1024 (11,8).

Ұлты бойынша: қазақтар 3944 (45,5); орыстар 4332 (50,0); өзге ұлттар 399 (4,5).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі
2. Бала құқықтары туралы конвенция, 1989жылы 20 қарашада БҰҰ Бас Ассамблеясы қабылдады
3. <https://baq.kz>
4. «Балаларды қорғау және шетелдік бала асырап алу қатынасындағы ынтымақтастық туралы конвенция», Гаага 1993 жылы 29 мамыр
5. <http://online.zakon.kz/>
6. <http://thenews.kz/>